

УДК 378
ББК 74.58
S81

Редакционная коллегия

Шакирова С.М. - к.ф.н., и. о. директора Управления по науке

Сапаргалиев Д.Б. – PhD, зам. директора Управления по науке

Никифорова Н.В. - д.э.н., профессор, декан послевузовского образования

Все статьи прошли проверку в системах Антиплагиат.ВУЗ - на русском языке, Turnitin.com - на английском языке, Advego Plagiatus v.1.2.093 – на казахском языке. Уникальность текстов не ниже 75%.

i – START. Предпринимательство: энергия молодых.

Материалы международной научно-практической конференции студентов и магистрантов 16-17 апреля 2015 г.- Алматы, Алматы Менеджмент Университет, 2015 – 320 с.

ISBN: 978-601-7021-36-8

УДК 378
ББК 74.58
S81

ISBN: 978-601-7021-36-8

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Қазақстанның макроэкономикалық, әлеуметтік және саяси тұрақтылығы, инвесторлар үшін, тартымдылықтың негізгі факторы болып отыр (1-кесте). Бүгінгі Қазақстан – үлкен компаниялар үшін де, орта кәсіпкерлік үшін де - жаңа мүмкіндіктер мен жаңа потенциалдар. Дүниежүзілік экономикалық форумның «2013-2014 жылғы ғаламдық бәсекеқабілеттілік» есебінің нәтижелеріне сәйкес, Қазақстан 148 мемлекет ішінде 50-ші орында тұрақтанған (2-кесте) [1]. Дүниежүзілік банктің жыл сайынғы «бизнесі жүргізу» рейтингінде 2013 жылға қарағанда 3 сатыға жоғарылап 50-ші орынға шыққан. 2014 жылғы «бизнесі жүргізу» рейтингі Кедендік одақ елдері ішінде Қазақстан бірінші орында екенін көрсетеді (Беларусь – 63-орында, Ресей – 92-орында) [3].

1-кесте. Берілген факторларды тартымды деп санаған респонденттер үлесі

Қазақстанда жұмыс істейтін инвесторлар пікірі бойынша	
Макроэкономикалық тұрақтылық	81.2%
Мемлекеттегі саяси және әлеуметтік тұрақтылық	79.6%
Телекоммуникациялық инфрақұрылым	72.8%
Ішкі нарықтың көлемі	63.4%
Корпоративтік салық салу	56.8%
Потенциалды инвесторлардың пікірі бойынша	
Еңбекақы төлеу деңгейі	46.5%
Телекоммуникациялық инфрақұрылым	40.6%
Ішкі нарықтың көлемі	37.4%
Макроэкономикалық тұрақтылық	35.9%
Кәсіпкерлік мәдениет	35.4%
Ескерту: ЕУ, Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын зерттеу (респонденттердің жалпы саны : 211, оның ішінде 78 – Қазақстанда жұмыс істейтін инвесторлар, 133 – потенциалды инвесторлар), 2014 жыл	


«2013-2014 жылғы ғаламдық бәсекеқабілеттілік индексі» рейтингі

Орын	Мемлекет	Балл
1	Швейцария	5,70
2	Сингапур	5,65
3	АҚШ	5,54
4	Финляндия	5,50
5	Германия	5,49
6	Жапония	5,47
...
50	Қазақстан	4,42
53	Ресей	4,37
71	Үндістан	4,21

76	Украина	4,14
108	Қырғыстан	3,73
Ескерту: [1] әдебиет негізінде автормен жасалған		

Тура шетелдік инвестицияларды тартудан Қазақстан 20 көшбасшы елдің қатарына кіріп отыр. Жыл қорытындысына сәйкес, ТМД бойынша тура шетелдік инвестициялар түсімінен Ресейден кейін екінші орында [1].

Қазақстанда жаңа өнеркәсіптік саясат жүргізумен байланысты тура шетелдік инвестицияларды тартуға ерекше көңіл бөлінген болатын. Заңнамалық база қайта қаралып, инфрақұрылым жақсартылды. Мысалы, шетелдік мекеме – орталық – аймақтар арасында байланыс орнатылды. Перспективалық секторларды негізге ала отырып, басым жобалар мен тура шетелдік инвестициялар бойынша басым мемлекеттер анықталды (Германия, Франция, АҚШ, Жапония, Оңтүстік Корея, Ұлыбритания), инвесторларға қызмет көрсету орталығы құрылып, аймақтардағы жұмыстар күшейтілді. Қазақстанда инвесторлар үшін көптеген жеңілдіктер мен преференциялар қарастырылған. Олардың ішінде – салықтық жеңілдіктер және кедендік режим, жер учаскелері мен ғимараттарды ұсыну. Бұл жеңілдіктерді алу үшін басты шарт: жоба өңдеуші өнеркәсіптің басым салаларында жүзеге асырылуы керек. Соңғы бесжылдықта алдыңғы бесжылдықпен салыстырғанда, өңдеуші өнеркәсіпке тартылған ТШИ көлемі өскенімен де (1-сурет), бұл сала әлі де дамытуды талап етеді.



1-сурет. Тікелей шетел инвестицияларын жұмылдыру

Ескерту: [8] дерек көзінен алынған

Әлемнің дамыған 30 елі қатарына кіру, экономиканың басым бағыты ретінде, шетелдік инвестицияларды тарту, тақырыптың өзектілігін құрап отыр. Тақырыптың мақсаты: жетілдіруді талап ететін салаларды және оларды дамытудағы кедергілерді анықтау.

Бүгінгі таңда, Қазақстан, ең жаңа жетістіктер мен технологиялар қолданылатын инновациялық жобаларға назарын аударып отыр. Мұндай жобаларды жүзеге асыру үшін, мемлекет керекті қаржылық және институционалды инфрақұрылыммен жабдықталған және инвестицияларды алуға дайын. Сонымен қатар, инвесторлармен белсенді серіктес ретінде қызмет етуге де мүмкіншіліктер бар. Ұлттық компаниялар арқылы трансұлттық компаниялар тартылып, қарым-қатынастар жүйесі тізіледі. Солай, «Қазақстан темір жолы» АҚ Talgo, Alstom, General Electric; «Казатомпром» ҰАК — Areva, CEIS, Marubeni, Camoco сияқты компанияларды тартқан [6].

Индустрияландырудың бірінші бесжылдығына қарағанда, екіншісінде шекті басымдықтарға көңіл аударылады. Олардың қатарында – жоғарғы қайта қорыту металлургиясы, мұнайды өңдеу, мұнай химиясы және химиялық өнеркәсіп (агрохимия және өндіріске арналған химикаттарды өндіру), тамақ өнеркәсібі, машина жасау, құрылыс материалдарын шығару. Кластерлік дамуға ерекше көңіл бөлінеді. Ауқымына қарай, ұлттық аумақтық және инновациялық кластерлер шығарылады.

Инвестициялар сөзінің астарында тек қана қаржылық ресурстар жатқан жоқ, сонымен қатар, бұл ұғымға жаңа технологиялар, білім, өндірістің жаңартылу трансферті де кіреді. Сондықтан да, Н.Ә.Назарбаев шетелдік инвестицияларды тартуды мемлекеттің экономикалық саясатының басым бағыттарының бірі деп атады [7]. Елбасының қойған мақсаттарына жету және Қазақстанның аумақтық инвестициялық орталығына айналдыру мақсаты қойылып отыр.

Бүгінгі таңда, жетілдіруді талап етіп отырған салаларға: инфрақұрылым мен кәсіпкерлік ортаны жатқызамыз. Олардың ішінде ерекше көңіл бөлуді көлік-логистикалық инфрақұрылым, ашық сауда саясаты, нормативтік-әкімшілік орта және еңбек туралы заңнамалар қажет етеді.

Көлік-логистикалық инфрақұрылым. Дүниежүзілік экономикалық форумның «2013-2014 жылғы ғаламдық бәсекеқабілеттілік» баяндамасына сәйкес, Қазақстан инфрақұрылым жағдайынан 148 мемлекет ішінде 62-ші орында [1]. Үлкен жер аумағы, халықаралық теңіз жолдарына шыға алмау, әр текті халық тығыздығы көлік шығындарының себепшілері. Қазақстанда мұндай шығыстардың үлесіне, тауардың соңғы құнынан 8%-дан(темір жолмен тасымалдау жағдайында) 11%-ға (жол көлігімен тасымалдау жағдайында) дейін тиесілі. Бұл дамыған елдердегі орташа көрсеткіш деңгейімен(4-4,5 %) салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Көлік шығындарын қысқарту үшін, Еуроодақ мемлекеттерінде қолданылатын, жүктерді тасымалдаудың интенсифтендіру моделіне көшуі керек[2]. Ол мемлекеттегі бизнесті жүргізу шығындарын төмендетуге көмектеседі.

Ашық және икемді сауда саясаты. Өзінің, Еуропа мен Азияның арасындағы стратегиялық орналасуының арқасында, Қазақстан, үлкен транзиттік және сауда басымдылықтарына ие. Алайда, оны іске асыру үшін мемлекетке ашық сауда саясаты қажет. Дүниежүзілік банктің «Бизнесті жүргізу 2014» есебіне сәйкес, Қазақстан «Халықаралық сауда» көрсеткішінен 189 мемлекет ішінде 186-шы орында. Экспорттық-импорттық операцияларды жүргізу үшін, мемлекет ішінде жұмыс істейтін компаниялар, ұзақ уақыттық рәсімдер жүргізуге мәжбүр. Мысалы, Қазақстаннан бір жүк контейнерын экспортқа жіберу орта есеппен 81 күнді қажет етеді, ал ілеспе шығындар 4885 АҚШ долларын құрайды. Салыстыру үшін: Еуропа мен Орталық Азия бойынша мемлекеттерде экспортқа стандартты жүк контейнерын жіберуге орта есеппен 25 күн керек, сонымен бірге ілеспе шығындар 2109 АҚШ долларын құрайды[3].

Әкімшілік орта. Қазақстан өзінің жоғары саяси тұрақтылық деңгейіне қарамастан, бюрократия, жемқорлық, мемлекеттік басқару сияқты мәселелерге тап болады. Экономикасы дамыған мемлекеттердің (Солтүстік Америка, Батыс Еуропа) респонденттері ҚР-ның әкімшілік ортасына жағымсыз баға береді. Алайда, бұндай мәселелер дамушы нарықтарға тән қасиет. Соңғы жылдары Қазақстанның іскерлік ортасы айтарлықтай жақсарды, алайда, әлі көп мәселелер орындауды талап етеді, әсіресе, жемқорлықпен күрес мәселелері. Transparency International құрған «2013 жыл үшін Жемқорлықты қабылдау индексіне» сәйкес, Қазақстан 177 мемлекет ішінде 140-шы орынға тұрып, ең сыбайласқан мемлекеттер категориясына кіреді[4]

Еңбек туралы заңнамалардың икемділігі мен жұмысқа тұраға рұқсат берудің оңайлатылған тәртібі. Көп инвесторлар Қазақстанға, мемлекетке білікті шет елдік кадрларды тарту тәртібін, жұмысшыларды жалдау және жұмыстан босату, сондай-ақ, жұмыс күнінің ұзақтығын белгілеу тәртібін жеңілдетуге ұсыныстар жасайды. Үкімет, жергілікті халықты жұмыспен қамту мақсатымен жұмысқа орналасуға шектеулер қояды, үлестемелер(квоталар) тек аймақтар және мамандықтар бойынша енгізіледі. Сондықтан да, жұмысқа орналасуға рұқсат алу, ұзақ уақытқа созылады және біршама қиындықтарға алып келеді. Шет елдік жұмысшылар үшін үлестемелер 2003 жылдан 2012 жылға дейін 0,14%-дан 1%-ға жоғарылаған [5].

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың айтуынша, Қазақстанның инвестициялық саясаты 2015 жылы басталатын екінші бесжылдық индустриалды бағдарламаны орындаудың негізгі факторы болып табылады. Қазір, Үкімет алдында жаңа инвестицияларды тарту міндеті тұр, әсіресе, трансұлттық корпорациялар жағынан. Әлемдік экономикадағы орын алған жағдайларды ескеретін болсақ, онда бұл іс қажырлы күш салуды қажет етеді. Инвесторлар үшін үлкен тартыс жүруде [7].

Инвестицияларды тарту бойынша ұлттық жоспар түзетілуі керек. Шетелдік инвесторлардың келуі мен болуы үшін қолайлы жағдайлар қарастырылуы керек. Ол үшін төменгі ұсыныстар жасалған:

- Еуропа экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЕЭЫДҰ) мүше елдер үшін визасыз режим енгізу мүмкіндігін қарастыру;

- өңдеу өнеркәсібі үшін жоғары білікті жұмысшылардың елге кіру тәртібінің оңайлатылуы;

- ірі жобалар үшін жаңа ынталандыру пакетін ұсыну;

- арнайы экономикалық аймақтарды дамыту;

- «жасыл» энергетиканы дамыту;

- инфрақұрылымға инвестиция тарту;

- инвесторларға ақпарат беру арналарын жетілдіру;

- диверсификациялау

Аталған ұсыныстарды іске асыру, Қазақстандағы бизнесті жүргізуге және инвестициялық климатты ары қарай жетілдіруге ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. «2013-2014 жылғы ғаламдық бәсекеқабілеттілік», Дүниежүзілік экономикалық форум, 2013 жыл тамыз. «Глобальная конкурентоспособность, 2013–2014 годы», ВЭФ, август 2013 г.
2. «Көлік және коммуникация», Қазақстан Республикасының Ұлыбританиядағы елшілігінің сайты : www.kazembassy.org.uk
3. «Ведение бизнеса 2014», Всемирный банк, 28 октября 2013 г.
4. «Индекс восприятия коррупции за 2013 год», Transparency International сайты: www.transparency.org/cpi